



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

воспитательные возможности интерактивных форм работы. Они способствуют установлению эмоциональных контактов между учащимися, приучают работать в команде, снимают нервную нагрузку школьников, помогая испытать чувство защищенности, взаимопонимания и собственной успешности.

Новое качество образования определяется результативностью образовательной деятельности учреждения, коллектива, каждого педагога и обучающегося. В свою очередь под результативностью понимается успешность выпускника образовательного учреждения, готового быть конкурентоспособным в динамично меняющейся ситуации в стране. Для этого недостаточно владеть определённой суммой знаний, умений, навыков (стандарт). Требуется владение основными способами взаимодействия с миром и с самим собой, такими, как исследование, проектирование, организация, коммуникация и рефлексия, что в совокупности с ЗУНами составляет компетентность выпускника. Для достижения такого качества образовательных услуг необходимо использование интерактивных образовательных технологий, переход на интерактивное обучение.

Новое качество образования определяется результативностью образовательной деятельности учреждения, коллектива, каждого педагога и обучающегося. В свою очередь под результативностью понимается успешность выпускника образовательного учреждения, готового быть конкурентоспособным в динамично меняющейся ситуации в стране. Для этого недостаточно владеть определённой суммой знаний, умений, навыков (стандарт). Требуется владение основными способами взаимодействия с миром и с самим собой, такими, как исследование, проектирование, организация, коммуникация и рефлексия, что в совокупности с ЗУНами составляет компетентность выпускника. Для достижения такого качества образовательных услуг необходимо использование интерактивных образовательных технологий, переход на интерактивное обучение.

Список литературы:

1. Ермакова Т.И., Ивашкин Е.Г. Проведение занятий с применением интерактивных форм и методов обучения: учеб. пособие / Т.И.Ермакова, Е.Г.Ивашкин. Нижний Новгород, 2013. 158 с. http://pedsovet.org/component/option,com_mtree/task,viewlink/link_id,1733/Itemid,118/
2. Знаменская, Т.А. Организация интерактивных форм работы на уроках английского языка: психолого–педагогические условия / Т.А.Знаменская, Е.В.Оболенская // Молодой ученый. 2015. №10(90.5). 8–9 с. / http://festival.1september.ru/articles/211062/?numb_artic=211062

ӘОЖ 74.202.15

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДА LEARNING APPS ИНТЕРАТИВТІ ЖАТТЫҒУЛАРЫНТИМДІ ҚОЛДАНУ

*Досымова ЗамзагулМуратбековна
Міркемел Айнұр Мұратқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: ainur.mirkemel@yandex.kz*

Аңдатпа

Мақалада білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау және оқу сауаттылығын дамыту үшін LearningApps платформасындағы жаттығуларды тиімді орындау жолдары туралы айтылады.

***Түйін сөз:** сыни ойлау, оқу сауаттылығы, LearningApps, интерактивті жаттығу.*

Аннотация

В статье рассматривается, как учащиеся могут эффективно выполнять упражнения на платформе Learning Apps для развития критического мышления и грамотности чтения.

***Ключевые слова:** критическое мышление, грамотность чтения, LearningApps, интерактивные упражнения.*

Abstract

This article explores how students can effectively complete the exercises on the LearningApps platform to develop critical thinking and reading literacy.

***Key words:** critical thinking, reading literacy, LearningApps, interactive exercises.*

Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері.

Ы.Алтынсариннің басты педагогикалық идеяларының бірі – білімді саналы түрде игеру, оқудың қажеттілігін түсіну. Ы.Алтынсарин өз шығармаларын балаға түсінікті, нақты деректерге негізделген, баланы сендірерліктей сөздермен жазады. Осы арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттырады. Жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және арттыру мәселелері негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен білімін жетілдіруіндегі басты құралдардың бірі – оқу сауаттылығы. Бұл кеңауқымды ұғым үш құрамдас бөліктен тұрады. Біріншісі – оқылған мәтінді түсіну қабілеті. Ол білім алушыны оқуға үйрету кезінде педагог қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Қойылған сұраққа толық жауап беру үшін мәтін ақпаратын қолдану қабілеті де аса маңызды. Оны пән мұғалімі қызметінің қолданбалы бөлігі ретінде қарастырса болады. Үшіншісі – белсенді оқудың басты көрсеткіштерінің бірі – оқығаны туралы ойлана алу қабілеті. Оқу сауаттылығы адамның қоғамдағы өмірінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан оқушының оқу сауаттылығын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқылым мәтіні мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ұштастыра отырып, жүзеге асыруға болады. Бұны ХІХ ғасырда Ы.Алтынсарин қазақ жастарын, ең алдымен, оқу, өнер-білім, техниканы игеруге шақырады. Мысалы, «Кел, балалар, оқылық!» деген өлеңінде былай дейді:

*Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан,
Тілемей-ақ табылар.* [1, б.10].

Оқу сауаттылығын бағалау үшін білім алушыларға мәтінде берілген ақпаратты салыстыру, автордың ойын түсіну және қоршаған орта туралы жеке түсінігіне сүйене отырып, өз көзқарасын дәлелдейтін негіздемелерді табуды қажет ететін тапсырмалар беріледі. Мәтін өзара мағыналық байланыста болатын кемінде екі сөйлемнен немесе одан да көп сөйлемдерден құралады. Мәтіндегі сөйлемдердің мазмұнындағы ақпарат ортақ бір тақырыптың аясында жазылады. Оларға мағыналық сабақтастық пен тұтастық тән болады.

Мәтіннің негізгі белгілері:

- А) Мәтіннің тақырыптық тұтастығы
- Ә) Мәтін мазмұнындағы ақпаратты жеткізетін сөйлемдер тізбегінің бірізділігі
- Б) Мәтін бөліктерінің өзара сабақтастығы
- В) күрделі синтаксистік тұтастық
- Г) сөйлемдердің құрылымдық байланыстары т.б. [2, б. 7]

Жаңартылған мазмұн аясында оқу дағдысын қалыптастыру оқу сауаттылығының басты құзыреттіліктеріне, яғни ақпаратты табу, мәтінді интерпретациялау, мәтіннің мазмұны мен формасы бойынша рефлексия жасау және бағалауға негізделген. Функционалды оқу сауаттылығының «Қазақ тілі» пәні бойынша сабақтарда қолдана білу аса маңызды.

Функционалды сауаттылық пен жаңартылған білім беру мазмұнына келетін болсақ, 5–сыныпта мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну; хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландыру мәтіндері, олардың құрылымы мен ресімделуі; нақты ақпаратты таба білу, дереккөздерден қажетті ақпаратты алу болса, 6–сыныпта мәтіндерді мазмұны мен тақырыбы, тілі тұрғысынан салыстыру; негізгі және қосымша ақпаратты ажырату; өзіне қажетті ақпаратты тауып, іріктеу; дереккөздерден қажетті ақпаратты алу және сілтеме жасау қарастырылған.

Сыныптар арасында жоғарыда атап өтілген дағдыларды қалыптастыру оқу бағдарламасының мазмұнында оқылым бөлімінің төмендегі бөлімшелері аясында берілген:

1. Ақпаратты түсіну
2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану
3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату
4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау
5. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу
6. Оқылым стратегияларын қолдану
7. Өртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу

Пән бойынша және сауаттылық деңгейін анықтау үшін білім алушыға өртүрлі жанр мәтіндерін ұсынамыз. Мәтіндерде ақпарат түрлі формада беріледі. Тапсырмаларда оқу бағдарламасындағы мына оқу мақсаттарын қамтыдық:

- Қысқа қарапайым мәтіннен оқырманға таныс ақпаратты таба алу;
- Көмек берілетін қарапайым мәтінмен жұмыс жасау (ақпараттың қайталануы, суреттер немесе таныс символдар); Қарама-қайшы/көп ақпаратты қамтымайтын мәтінге түсінік беру;
- Мәтіннің мазмұны мен жалпыға мәлім күнделікті тұрмыстағы білімнің арасын байланыстыру;
- Мәтіннің басты тақырыбын/таныс тақырыпқа мәтін жазған автордың мақсатын анықтау;
- Оқырманға көмек көрсететін анық көрсетілген ақпаратпен жұмыс жасау;
- Мәтіндегі басты идеяны анықтау, өзара байланысты немесе мәтіннің құрылысын түсіну;
- Мәтіннің бір ерекшелігіне негізделген кереғарлықты салыстыру және анықтау;

– Жеке тәжірибеге және сипатталған шынайылыққа қатысты жеке қатынасына сүйене отырып, мәтіндік біліммен мәтіннің ішіндегі және мәтіннен тыс өзара байланыстарды салыстыру немесе құру.

Ыбырай Алтынсариннің шығармалары функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда жақсы қызмет атқарады. Мысалы, оның «Әдеп» деген шығармасына оқылым тапсырмаларын жасап, АКТ-мен байланыстырып көрелік.

Оқылымалды тапсырмасы

Әдепті адамды қалай білуге болады?

Оқылым кезінде

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

Ыбырай Алтынсарин

Әдеп

Бір жұрттың бас әкіміекіншібір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем бердідейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек бас ұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

– Тақсыр, осынша жұрттыңүстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз – деп айтты дейді.


Сонда әкім:

– Ешбірілім–білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба – дедідейді. [3, б. 68]

1- Тапсырма. Берілген ақпараттардың дұрыс–бұрыстығын анықта.

	ақпарат	дұрыс	бұрыс
1	Бас әкім мен оның орынбасары кездесті		+
2	Бай әкімге бас иіп сәлем берді		+
3	Әкім мұжықтың сәлемін одан бетер иіліп алды	+	
4	Әкім жұртты басқарған	+	
5	Бай әкімнің мұжыққа иілгеніне таң қалмады		+
6	Сәлем берген адам әдептілігін көрсетті	+	
7	Әкім жұртты биледім деп әдепсіздігін көрсетті		+

Осы тапсырманы LearningApps платформасының «классификация» жаттығуына салып, соның негізінде тапсырма жасауға болады.



Сурет 1.

2–тапсырма. Сөздерді олардың анықтамасымен сәйкестендір.

1	Түбір сөз	A)	Бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды сөз
2	Туынды сөз	B)	Сөздің бастапқы мағыналы бөлшегі
3	Дара сөз	C)	Дара және күрделі болып бөлінеді
4	Сөз	D)	Түбірге жұрнақ жалғану арқылы жасалады

Бұл тапсырма LearningApps платформасында «жұбын табу» жаттығуы негізінде жасалады.




Сурет 2.

3–тапсырма. Түбір сөздерге жұрнақ жалғап, туынды сөздер жаса.

екі	
төмен	
әдеп	
әкім	

Бұл LearningApps платформасында «бос орынды толтыру» жаттығуы негізінде жасалады.



Сурет 3

4–тапсырма. Тыныс белгілерін дөңгелектеп белгіле. Әр белгінің қойылу себебін түсіндір.

5–тапсырма. Мәтінді қайта оқып шығып, қарапайым жоспар құр.

6–тапсырма. Әкімнің: – Ешбірілім–білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба – деген сөзіне сенің пікірің қандай?

7–тапсырма. Әдептілік пен әдепсіздік туралы екі мақалдан жаз.

8–тапсырма. Қалай ойлайсың, адам әдепті болу үшін қандай әдеттерді жасау керек?

LearningApps платформасында оқу сауаттылығын дамытуға арналған жабық тапсырмаларды асау қолайлы, себебі бұл платформада оқушы жауабын белгілей алады.

Ы.Алтынсарин «Бақша ағаштары» әңгімесі бойынша құрастырылған тапсырмаларға тоқталайық:

Ыбырай Алтынсарин

Бақша ағаштары

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

– Мынау ағаш неліктен тіп–тік, ана біреуі неге қисық біткен? – деп сұрады баласы.

– Оның себебі, балам, анау ағашты бағу–қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса өсіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен,– деді атасы.

– Олай болса, бағу–қағуда көп мағына бар екен ғой,–деді баласы.

– Бағу–қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың саған да күтім керек; мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің,– деді. [3, б. 47]

1–тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әңгіменің басында кімдер туралы айтылды?

- A) Төре туралы
- B) Әке мен бала туралы
- C) Төре мен бақташы туралы
- D) Бала мен бақташы туралы

2. Ағаштарды көрген бала не істеді?

- A) сұрақ қойды
- B) оларды айналып өтті
- C) таң қалды
- D) Әбірет алды

3. Түзу ағаштың солай өсуінің себебі неде?

- A) Тұқымы жақсы болғандықтан
- B) Бұтақтарының қисықтығынан
- C) Бағып–қаққаннан
- D) Бұтақтарының түзу болғандығынан

4. Екінші ағаштың тік болмауының себебі неде?


- A) Бағу–қағу көрмегендіктен
- B) Өзіне қарамағандықтан
- C) Біреуді кінәлағандықтан
- D) Өзін түсінбегендіктен

5. Әбірет деген сөздің мағынасы қандай?


- A) ғибрат
- B) білім
- C) ой
- D) Ақыл

Сұраққа жауап беру үшін оқушылар тұтас мәтінді мұқият оқып (талдай оқу, зерттей оқу), әрбір құрылымдық элементтердің қызметіне назар аударулары қажет.

Бұл тапсырма LearningApps платформасында «ат жарыс» жаттығуы негізінде жасалады.



Сурет 4.



Сурет 5.

2–тапсырма. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтап, кестені толтыр.

Негізгі ақпарат	қосымша ақпарат
1.	1.

3–тапсырма.

ОНИМ	СИНОНИМ	АНТОНИМ
Шек –	Қисық –	Әдемі –
Жас –	Бағу–қағу –	Тіп–тік –
Бет –	Мағына –	Өскен –
Бақ –	Шырағым –	Қате –
Қақ –	Әбірет –	Пайдалы –
Жаз –	Күтім –	Қисық –
Бар –	Іс –	Таңертең

4–тапсырма. Әңгіменің мазмұнын есіңе түсір. Кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құр.

5–тапсырма. Олай болса, бағу–қағуда көп мағына бар екен ғой,—деді баласы.

Бала неге мұндай түйін жасады? Ойынды 4 сөйлеммен жаз.

6–тапсырма. Автордың: «Сен жас ағашсың саған да күтім керек...» деп айтқанын өз ойыңмен жалғастырып, антоним, синоним сөздерді қатыстырып, мәтін жаз.

Мұндай тапсырмаларды табысты орындау оқушылардың төмендегідей білік–дағдыларын қалыптастырады:

- көлемді мәтіндерді оқу;
- жасырын ақпаратпен жұмыс жасау;
- ақпараттың бөлігі ретімен орналаспаса да, керекті ақпаратты табу;
- тұтас емес мәтіндермен жұмыс;
- сыни тұрғыдан баға беру талап етілетін қарама–қайшы ақпаратпен жұмыс жасау;
- мәтінде ұсынылған ақпаратқа сүйеніп, болжам жасау;
- оқушының көзқарасына сай келмейтін пікірлермен жұмыс жасау.

Білім алушының сын тұрғысынан ойлау қабілетін арттыру үшін LearningApps платформасында жабық тапсырмаларды жасау өте қолайлы. Сабақта жаңа технологияны қолдана отырып, оқуға үйрету – оқушының білім және ақпарат алуға қызығушылығын оятады. Ұлы ұстаз – Ыбырай Алтынсарин идеяларын дамытып, қоғамда пайдаланатын болсақ, ол үлкен бір жетістік болып табылады. Ыбырай салған сара жол, ол жаққан шамшырақ, ұлт болашағының сөнбес сәулесі. Оқудың қажеттілігін ақынның мына өлеңдері арқылы қорытындылаймыз.

Ата–енең қартайса,
 Тіреу болар бұл оқу.
 Қартайғанда мал тайса,
 Сүйеу болар бұл оқу. [1, б. 10]

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Өнер–білім бар жұрттар. Алматы, «Жалын» 1991. 235 б.
2. Оқу сауаттылығы. ЖОО–ға дейінгі білім беру факультетінің тыңдаушыларына арналған оқу құралы. Құраст.: Р.Т.Наралиева, М.Ш.Тойғанбекова, Б.М.Сұлтанова. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 136 б.
3. Кел, балалар, оқылық {Мәтін}: өлең, әңгімелер, мақал, жұмбақтар /Ыбырай Алтынсарин. Алматы: Атамұра, 2006 168 б.

УДК 373.1

**ИНФОРМАЦИОННО–КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ЭФФЕКТИВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ В
СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ**

Дуйсалиев Армат Саматович
E–mail: duisaliyev_a@akt.nis.edu.kz
Курманова Гулжанат Турегалиевна
E–mail: kurmanova_g@akt.nis.edu.kz
учителя истории НИШ ХБН
г. Актау, Казахстан

Аннотация

Актуальность применения информационно–коммуникационных технологий в обучении, в частности, на уроках гуманитарных дисциплин, а также взаимосвязь между практическим подходом и использованием информационно–коммуникационных технологий в системе образования. Статья описывает значение ИКТ, что она представляет собой обобщенное понятие, обобщающее методы и способы обмена, передачи, хранения, обработки, сбора информации. Информационно–коммуникационные технологии изо дня в день внедряются в различные сферы образования. Причин тому несколько, информированность населения, необходимость подготовки высококлассных специа–листов. Кроме того, современные педагогические школы и общеобразовательные учреждения оснащены новыми компьютерными технологиями и программами. С помощью этих технологий и программ современные учителя могут совершенствоваться и демонстрировать свои знания.

Ключевые слова: *информационно–коммуникационные технологий, мотивация, компью–терная грамотность, электронные учебники, эффективное применение, новые технологий обучения.*

Аңдатпа

Оқытуда, атап айтқанда гуманитарлық пәндер сабақтарында ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолданудың өзектілігі, сондай–ақ практикалық тәсіл мен білім беру жүйесінде ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдану арасындағы байланыс. Мақалада АКТ–ның мағынасы сипатталған, ол ақпарат алмасу, беру, сақтау, өңдеу, жинау әдістері мен тәсілдерін жалпылайтын жалпыланған ұғым. Ақпараттық–коммуникациялық технологиялар Күн сайын білім берудің түрлі салаларына енгізілуде. Бұған бірнеше себептер бар, халықтың хабардарлығы, жоғары деңгейлі мамандарды даярлау қажеттілігі. Сонымен қатар, қазіргі заманғы педагогикалық мектептер мен жалпы білім беру мекемелері жаңа компьютерлік технологиялармен және бағдарламалармен жабдықталған. Осы технологиялар мен бағдарламалар арқылы заманауи мұғалімдер өз білімдерін жетілдіріп, көрсете алады.

Түйінді сөздер: *ақпараттық–коммуникациялық технологиялар, мотивация, компьютерлік сауаттылық, электрондық оқулықтар, тиімді қолдану, оқытудың жаңа технологиялары.*

Abstract

The relevance of the use of information and communication technologies in teaching, in particular, in the humanities, as well as the relationship between the practical approach and the use of information and communication technologies in the education system. The article describes the meaning of ICT, that it is a generalized concept that summarizes the methods and methods of exchange, transmission, storage, processing, and collection of information. Information and communication technologies are being introduced into various fields of education day by day. There are several reasons for this, the awareness of the population, the need to train highly qualified specialists. In addition, modern pedagogical schools and general education institutions are equipped with new computer technologies and programs. With the help of these technologies and programs, modern teachers can improve and demonstrate their knowledge.

Key words: *information and communication technologies, motivation, computer literacy, electronic textbooks, effective application, new learning technologies.*

Сегодня дети обременены большим объемом информации, школьники, которые не могут быстро собрать внимание, запомнить то, что им нужно, и отсортировать то, что им не нужно, становятся невнимательными и невнимательными, теряют интерес и мотивацию к учебе. По мнению психологов: «Лучший способ быть внимательным – никогда не выполнять свою работу без внимания!» Для этого необходимо научить учителей не только качественному обучению, но и тому, где и как найти необходимую информацию. Современные подростки зависимы от компьютерных игр.